

Алмалы ауылдық округіндегі "Тал-тал" қыстағындағы қой-ешкі малынан туындаған сарып ауруына қарсы шектеу шараларын қою туралы

Күші жойған

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 26 тамыздағы N 1167 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 3 қыркүйекте N 2-17-62 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 26 тамыздағы № 244 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 26.08.2009 № 244 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағын және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 18)-тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алмалы ауылдық округіндегі "Тал-тал" қыстағындағы қой-ешкі малдарынан сарып ауруының туындауына байланысты, сарып ауруына қарсы шектеу шаралары қойылсын.

2. Сарып ауруынан айықтыру мақсатында ветеринариялық-санитарлық және медициналық шараларды жүзеге асыру ісі "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Сарқан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне тапсыру ұсынылсын (келісім бойынша).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Әлібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Бекішов